

Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetі

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 16 shilde 2026 jyl №28 (11 224)

Аудан әкімдігінде

ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

Сейсенбі, 14 шілде күні аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде ағымдағы жағдай: өрт қауіпті кезеңінің өту барысы, «Таза Қазақстан» бағдарламасының орындалысы, және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары мен бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар, сондай-ақ, аудан бойынша аусыл (ящур) ауруының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәселелер қаралып, тиісті сала басшыларының хабарламалары тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қорытындылаған аудан әкімі ауыл, кент әкімдері мен сала басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Аудан әкімі ауа райына қатысты күннің шамадан тыс ыстық екенін ескертіп, бұл дала өрттері қаупін арттыратынын айтты. Өртке қарсы күрес - бәрімізге ортақ жұмыс болғандықтан «бұл менің жерім емес» деп басқаларға сілтемей, керісінше шаруа қожалықтары, ауыл, кенттер бір-біріне көмек қолын созып, бірігіп сөндірген жөн және

күнделікті тұрақты бақылауда ұстап отыру қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар, шөп шабу науқаны жүріп жатқанын, алайда бүгінгі күнге аудан бойынша 40 пайыздай ғана шөп дайындал-

кендігін, сонымен қатар, халық игілігіне пайдалануға берілген су бұрқақтардың қосылмай тұрғандығын сынға алып, дереу қолға алуды тапсырды.

Отырыста сондай-ақ, әлеуметтік маңызы бар



ғанын, сол себепті сыртқа шөп сатуды тоқтата тұруды айтты.

Отырыста сонымен қатар, аудан әкімі бірқатар кемшіліктерді атап көрсетіп, «Таза Қазақстан» бағдарламасының орындалысына қатысты, «Жасыл ел» еңбек жасақтары сарбаздарының нақты өздеріне белгіленген жұмысқа тартылудың орнына ешқандай рұқсатсыз мекемелерге таратылып кет-

азық-түлік тауарларының бағалары мен бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар, сондай-ақ, аудан бойынша аусыл (ящур) ауруының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар назарға алынып, тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің жаңа саяси құрылымын қалыптастырып, мемлекеттік басқаруды түбегейлі жаңартуды ұсынды. Ел іргесінің бекем болуына, Тәуелсіздігіміздің

Жаңару үшін дауыс бер!

ның танымы мен түсінігіне сай келетін алдағы Құрылтайдан ел үлкен үміт күтеді. Құрылтай маңызды мемлекеттік шешімдерді талқылауға жаңа серпін береді деп сенеміз. Алдағы сайлау тек депутаттарды іріктеу емес, азаматтардың елдің болашағына деген жауапкершілігін көрсететін маңызды демократиялық қадам болып саналады.

Тәуелсіздік тарихындағы жаңа кезеңде бұл - елеулі

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - ХАЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ТАҢДАУЫ

тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет басшысы ұсынған реформаларды ауданымыздағы барша журналистер қауымы бірауыздан қолдайды.

Мемлекет басшысы ұсынған реформалардың бірі саяси маңызы үлкен шара - 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы. Бұл - Қазақстанның саяси тарихындағы жаңа кезеңнің басталуы болмақ.

Алтын Орда дәуірінен бастап кешегі қазақ хандығы кезінде елдік маңызы бар мәселелер Құрылтай жиынында шешіліп отырғандығын тарихтан жақсы білеміз. Бабалар салып кеткен сара жолмен елдіктің жалауын көтерген, сол көнерген құрылтайға жаңаша өң берген, қазақ ұлты-

реформаның бірі.

Сайлау нәтижесінің әділ әрі шынайы болуы әрбір азаматтың белсенділігіне байланысты.

Құрылтай сайлауы - тек мемлекеттік органды қалыптастыру рәсімі ғана емес. Бұл - азаматтардың елдің қоғамдық-саяси дамуына ықпал етуіне мүмкіндік беретін маңызды демократиялық қадам. Сайлауға қатысып, дауыс беру арқылы әрбір азамат өз таңдауын жасап қана қоймай, елдің алдағы даму бағытын айқындауға үлес қосады.

Сондықтан 23 тамыздағы дауыс беру - әрбір азамат үшін тарихи әрі жауапты таңдау болмақ.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

23 тамыз - ҚР Құрылтайы депутаттарын сайлауы күні



ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бой-

ынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәланды-

ру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы



сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс

беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

ҚР Орталық сайлау комиссиясы.

Өзгерістер мен толықтырулар

МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ КЕҢЕЙДІ - ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан саяси реформалардың басты мақсаты - жергілікті өкілді биліктің әлеуетін күшейтіп, халықтың үні шешім қабылдау үдерісінде нақты естілуін қамтамасыз ету.

Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі - Мемлекет басшысы қол қойған

«Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң.

Жаңа заң мәслихаттардың конституциялық мәртебесін нығайтып, депутаттардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету мүмкіндігін кеңейтеді.

Енді мәслихат депутаттары:

✦ тұрғындар көтерген мәселелердің орындалу нәтижелерін қарайды және бақылауды күшейтеді;

✦ бюджеттік комиссиялардың жұмысына қатысады;

✦ елді мекендердің санитариялық тазалығы қағидаларын бекітеді;

Сонымен қатар, депутат-

тық сауалдарға жауап беру мерзімінің 30 күннен 15 күнге дейін қысқаруы мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін арттырып, халықпен кері байланыстың тиімділігін күшейтеді.

Занда мәслихат төрағасының және мәслихат аппараты басшысының құзыреттері нақты ажыратылды. Бұл жергілікті өкілді органдар жұмысының ашықтығы мен тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған маңызды жаңашылдық.

Бұл өзгерістер - Президенттің Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған сая-

си реформаларының заңды жалғасы. Мәслихаттардың институционалдық әлеуетін күшейту - азаматтардың мүддесін қорғаудың, өңірлердің орнықты дамуының және тиімді жергілікті басқарудың берік кепілі.

Жаңа заң 2026 жылғы 26 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Гүлмира Құлсарықызы АХМЕТЖАНОВА,
Шет аудандық мәслихаты аппаратының басшысы.

Заң мен тәртіп

ТЕГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК БЕРІЛДІ

Ағымдағы жылдың 10 шілдесінде Ақадыр кенті әкімдігінде тұрғындарға тегін құқықтық кеңес беру мақсатында арнайы қабылдау ұйымдастырылды. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, заң талаптарын түсіндіруге және азаматтардың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бұл игі шараға кент тұрғындары белсенді қатысып, өздерін толғандырған сауалдарына білікті мамандардан жан-жақты жауап алды.

Кездесуге Қарағанды облысы Әділет департаментінің Құқықтық түсіндіру жұмысы

және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы Ғ.Әбдібаев, Қарағанды қаласының Мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің сот орындаушысы Е.Әуесбаев, сондай-ақ, адвокат Д.Карбанов және жеке нотариус К.Сұлтанова қатысып, тұрғындарға кәсіби құқықтық көмек көрсетті.

Қабылдау барысында азаматтар құжаттарды рәсімдеу тәртібі, жылжымайтын мүлікке және өзге де мүліктік құқықтарды мемлекеттік тіркеу, нотариаттық қызметтерді пайдалану, сот шешімдерінің орындалуы, атқарушылық іс жүргізу, мұрагерлік, сенімхат рәсімдеу, алимент өндіру, қарыз

міндеттемелері және басқа да құқықтық мәселелер бойынша кеңес алды. «Мамандар әрбір өтінішті мұқият тыңдап, заң та-



лаптарына сәйкес нақты түсіндірмелер беріп, құқықтық

мәселелерді шешудің тиімді жолдарын ұсынды. Мұндай кездесулер тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптас-

өзара сенімді нығайтуға да зор ықпал етеді.

Осындай ашық форматтағы құқықтық қабылдаулар азаматтардың заң аясындағы сауаттылығын арттырып, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған маңызды бастамалардың бірі болып табылады. Сондықтан тұрғындар тарапынан мұндай игі шараларға қызығушылық жоғары болып, құқықтық кеңес алуға мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Қалижан БЕКҚОЖА,
Ақадыр кенті.



Ақпараттық хабарлама

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарының сайлауы бойынша Шет аудандық қоғамдық-саяси «Shet shuǵylasy» газетіне сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін жарияланымдар беруінің жалпы шарттары

Өтініш тіркеу журналында, кезектілік тәртібімен, әр жазбаша өтінішке реттік нөмір тағайындау және өтініштің келіп түскен күнін белгілеу жолымен тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

1) Саяси партияның немесе кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) өтініш берген тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;

3) шарт жасау үшін тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Газетке жарияланым жасау Үгіт материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не болмаса, егер өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жеребе бойынша белгіленеді.

Үгіт материалдар сыртқы тасуыштарда (қатты диск, флеш карта) беріледі.

Электрондық тасымалдағышпен бірге өтінішпен бірге шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылған, Үгіт материалдың мазмұны болып табылатын мәтіннің түсіндірмесі, суреттері Үгіт материалдарында пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттары, ал олар қайтыс болған жағдайда - мұрагерлерінің жазбаша рұқсатта-

ры, жарнамалық материалдарда көмелетке толмаған балалардың суреттері пайдаланылған жағдайда - ата-аналарының, қамқоршыларының, жанашырларының жазбаша рұқсаттары беріледі.

Үгіт материалдарында олардың төленуі, қаржыландыру көздері туралы ақпарат болуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған саяси партиялар мен кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамаға сәйкес болуына дербес жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіп пен талап бұзылған жағдайда, сондай-ақ, тиісті шарт талаптары бұзылған кезде Үгіт материалдарын шығару жүргізілмейді не болмаса бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатылады.

Егер Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық және тектік араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ, заңдарда көзделме-

ген әскерилендірілген құрамалар құру идеялары болса, жариялаудан шығарудан бас тартады.

Үгіт материалдарында басқа да кандидаттардың арына, намысына немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды газетке шығарудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіп пен талап бұзылған жағдайда, сондай-ақ, тиісті шарт талаптары бұзылған кезде Үгіт материалдарын шығару жүргізілмейді не болмаса бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатылады.

Егер Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты

күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық және тектік араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құру идеялары болса, жариялаудан шығарудан бас тартады.

Үгіт материалдарында басқа да Кандидаттардың арына, намысына немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат болған жағдайда оларды газетке шығарудан бас тартуға құқылы.

Үгіт материалдарын орналастыру құны және тілі

№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы (теңге)
1	Жарияланым	Шаршы см	250-00 теңге

Шет аудандық «Shet shuǵylasy» қоғамдық-саяси газеті, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73, тел 8 (71031) 21142.

Жазбаша өтініштер факсимильдік және Интернет байланыс арқылы қабылданбайды.

Шет аудандық қоғамдық-саяси «Shet shuǵylasy» газеті.



Дәрия ауылына - 90 жыл

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ АУЫЛ

Осынау Дәрияның даласында. Құсмұрын, Бұғылы тауларында. Жатыр екен екі тау бойын түзіп, Мен жүрмін асыр салып сай астында. Құсмұрын, Бұғылы таулары-ай, Менің де туған аймағым. Болайын бірге әрқашан, Келер жан Бұғылының шөбін кесер. Ауылым Дәрияға көзі түсер, Астында балдай тәтті ақбұлақ бар, Суын ішсең таңдайынды елжіретер. Шықтыңба Бұғылының шынына, Табиғат қуат берер ұл-қызына. Осынау туған жеріне ән айтамын, Өзімнің туып-өскен ауылыма.

Дәрия ауылы «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», – дейді дана халқымыз. Сөзсіз, әрбір адамның азамат болып қалыптасуы оның өскен ортасынан, ауылының топырағынан бастау алады. Ауыл – ұлттық салт-дәстүріміздің, қаймағы бұзылмаған тіліміз бен мәдениетіміздің алтын бесігі. Қазіргі жаһандану заманында ауыл қадірін ұмытып бара жатқандаймыз, алайда кіндік қанымыз тамған өлкеге деген сағыныш пен құрмет ешқашан ескірмейді. Өнегелі тарихымыз, бабаларымыздың жүріп өткен сара жолы бүгінгі өміріміздің мәнін де, мағынасын да тереңдетіп тұрғандай. Сол себепті тарихымызға зер салу, одан тағылым алу ұлттық ұстанымымызды сақтауға, кешегі өткен ұлыларымыздың аманатына адал болып, саналы да ғибратты ғұмыр кешуімізге жол ашты. Бұл мақалада адам өміріндегі ең қасиетті мекен – туған жер мен ауылдың қадір-қасиеті туралы, атап айтқанда Шет ауданындағы Бұғылы тау оазисінде, Байқара өзенінің оң жағалауында орналасқан Дәрия ауылы жайында толғанатын боламыз.

Туған өлкеміздің табиғаты – даланың әсемдігін көруге болатын тамаша жер. Бұл тау жоталары дала ашық жерлерімен ауыстырылады. Өзендер, бұлақтар мен үңгірлер – Бұғылы таулары. Бұл жерлерде табиғат өзінің сұлулығымен адам көзін өзіне баурап алатын өзінің алғашқы келбетін сақтап қалды. Дәрияның тағы бір шұрайлы жерлерін атап өтсек: Шаян, Ақдала, Мұрат, Қыпшақ, Жалғызтау, Найзатас, Бүркітті, Шалбай, Ителген, Қималы-құдық, Тәуекел кезеңі, Таркезен, Аюжал, Сарытау, Көктау, Аршалы, Қарақойтас жерлерінің сай-саласы бүлдірген, сарымсақ қарақат пен қойжуасына толы.

Дәрия ауылының тарихы сонау ежелгі қола және ерте темір дәуірінен бастау алады. Бұған дәлел, 2002 жылы зерттеулер нәтижесінде табылған Дәрия қорымы. Дәрия қорымын 2002 жылы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы Сарыарқа археологиялық институтының (САИ, а.ғ.к. И.А. Кукушкин) археологиялық экспедициясы ашты. Ескерткіш Қарағанды облысының Шет ауданында, Қарағанды қаласынан оңтүстік-оңтүстік-батысқа қарай 70 шақырым жерде, Дәрия теміржол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 4,5 шақырым жерде орналасқан. Қорымның жерлеу құрылыстары Жартас-Аюжал (Красная горка) тауынан (Қосыбай тауларының оңтүстік сілемдері) оңтүстік-батысқа қарай 80 метр жерде, Шерубай-Нұра өзенінің саласы – Байқара өзенінің сол жағалауында жинақы топ болып орналасқан. Қорымда 11 көрінетін құрылыс бар. Бес құрылыста ересектер, екеуінде балалар жерленген. Қорымнан қыш ыдыстар, тас кетпен т.б. заттар табылды. Сонымен қатар, 1955-56 жылдары тарихшылар Ө.Х. Марғұлан, М.Қадырбаевтар қазба жұмыстары кезінде «Бұғылы 1,2,3» керемет археологиялық жаңалықтар ашқан.

Ауылымыздың бертін келе тарихына үңілетін болсақ, халқымыз сан ғасырлардан бергі терең тарихында талай қиын-қыстау кезеңдерді, аумалы-төкпелі замандарды бастан кешті. Қазіргі Дәрия ауылдық округінің жері ол «Қареке-Алтай» болысының құра-

мында болғаны анық көрсетілген. Бұл болыстық 1832 жылдың қыркүйек айында құрылған, Ақмола уезіне қараған. Болыстан 1901 жылы Бұғылы болысы бөлінді. Алғашқы болысы болып төре Жәңгір Беғалыұлы сайланды. Қазіргі Қара-мұрын, Дәрия, Ақой жерлері қарады. Болыстықтар 1923 жылға дейін болып, кейін таратылды, бәрі де Қарағандыға қарады.

Астана қаласының «Ұлттық архивінде» сирек кітаптар және құжаттар қорында «Акмолинский уезд «по аульные таблицы» деген құнды материалдардағы келтірілген санақ бойынша 1897 жылдан бастап жасалған статистикалық мәліметтерде «Шерубай-Нұра» болыстығы деген бөлімінде Дәрияға қатысты 190-225 беттерінде құнды деректер кездестіруге болады. Болыстық 13 әкімшілік ауылдан тұрады. Негізгі рулар: Төре, Барғана-Шушақтар, Кенжеғара, Қарекенің аталары – Тоқбұра, Ақбұра, Байбұра, Биболды. Әр әкімшілік ауылға 20-дан 40-қа дейін шаруашылық ауылдар қараған, олар туыстық жүйемен құрылған, жеті атаға толмайтын ағайындар бір ауылда тұрған. Бұл ауылдардың қыстаулары, тұрғын үйлері, су көздері, халық саны, мал саны, егістіктері мен шабындықтары көрсетілген. Осы мәліметтерден «Шерубай-Нұра» бо-



лысының қандай рулардан құралғанын және негізгі принципі – ертеден бұзылмаған туыстық жүйе екенін көріп отырмыз. Табиғаттың килы көріністері – жұт, өрт, т.б. өмірдің қиын сәттерінде бірге болған, бірге төтеп берген. Әр ауылдың өздеріне тиеселі жеке-жеке қыстаулары болған, көші-қон заманында ортақ жайлауларға бірге қонған.

Сонымен қатар, атақты жазушы, публицист, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Алдан Смайлыдың ежелгі Ақмола-Қараөткел өңірінің тарихын ұзақ уақыт зерттеудің нәтижесінде жазылған тарихи-деректемелік көптомдық туындысының III томының 104-106 беттерінде 19 ғасырдағы Дәрия ауылы жайлы қызықты деректер келтіріледі.

Ақмола округ орталығы болып құрылар кезде қазақ даласына, жіктеп айтқанда, Ақмола аймағына арнайы тапсырмамен шыққан Ресей экспедициялары осы ұланғайыр өңірді әскери және экономикалық жағынан қалай еңсеріп, игеруге болатынын егжей-тегжейлі зерттейді. Генерал-губернаторға бірнеше ұсыныс айтылған. Соның бірі, Қырғыз-қайсақ даласын осылай өндірістік мақсатта игеру қорғаныс шараларын ойластыруды қажет етеді. Біз жүріп өткен аймақта үш қамал салынғаны дұрыс. Бірін Жақсы Еңістау көлінің жанынан, екіншісін Ақмоладан, үшіншісін Нұра өзенінің басталар тұсынан тұрғыза аламыз. Майор Набоков рапортында өңір жұртымен санасуды артық деп есептеген. Оны үркек, батымсыз етіп суреттейді. Сол пікіріне дәлел ретінде Қорғалжыннан әрідегі Жақсыкөң өзенінің бойында болған мына оқиғаны әңгімелеп береді.

Алдыңғы отряд жолда көлденең созылған қыраттың үстіне шыға келгенде, етектегі ауыл шу етіп көтерілді. Қарулы жатжұртықтар үрейлендіргені соншалық, ерсілі-қарсылы жүгіріп, қайда қашарын білмеген ел бірін-бірі қағып-соғып жатты. Өйелдер аңырап, бала жылап азан-қазан. Біреулер үйдің киізін сыпырып, біреулер атқа жүгіріп жанталасып жүр.

– Бұл ауыл ағасы Торғай батыр, – деп таныстырды.
– Баймырза қайда? – дедік.
– Оны ел аманатқа алып қалды, – деді Бибол. Егер Торғай батыр оралмаса, өледі.

Торғай өзін Кіші жүзбін, оның ішінде Тама руынанмын деп таныстырды. Қарауында мыңға жуық жан бар екен. Бұғылы маңындағы Дәрі өзенінен осында жаз жайлауға көшіп келген.

Набоков ұсыныстары айтылған 1816 жылдан соң көп ұзамай, атап айтқанда, сегіз жылдан соң Қарқаралы, Көкшетау, ал 1832 жылы Ақмола бекінісі салынды.

КАРЛАГ ЖӘНЕ ҚУҒЫН-СҮРГІН

Дәрия тарихы 1934 жылдан бастап Карлагпен байланысты, себебі маңайдағы жерлердің барлығы Карлагтың «Бұрма» бөлімшесіне қараған. Қазақтар мекендеген шаруашылық ауылдардың орындары Карлаг нүктелеріне айналды, ескі қыстаулар, қорымдар қиратылып, тастарынан мал қоралар салынды. Красная горка, Таловка, Калиновка, Огород-Дарья, Дарьинские ворота, 4-Пашенное Карлаг уақытынан қалған атаулар.

Қуғын-сүргін жылдары Ислам дінін қастер тұтушыларды, аят оқитындарды, ораза ұстайтындарды, молдалық, тәуіптік қасиеттерімен

телді. Сонымен қатар, Жүсіповтар әулетінің тағы 3 ер азаматы өйгілі 58-бап бойынша «халық жауы» ретінде қуғын-сүргінге ұшырап, заңсыз сотталған. Ахметжанның үлкен ұлы Омархан Жүсіпов (1891-1943 өмір сүрген) Қарағанды облыстық сотының 19.12.1942 жылғы шешімімен 58-баптың 10 тармағы бойынша 8 жылға сотталып, жазасын «Долин-када» өтеп, 1943 жылы сол жерде қаза болды.

Ахметжан қажының екінші ұлы Өуезхан Жүсіпов (1893-1959) өз заманының зиялы қауымының көрнекті өкілі болды. Ол 1909 жылы Ақмола орыс приход мектебін бітірген. Сәкен Сейфуллиннен бір сынып төмен оқыды.

Сәкен Сейфуллиннің сыбайластарының бірі ретінде 1937 жылдың күзінде тұтқындалып, 10 жылға сотталған, жазасын қатал «Воркуталаг-та» өтеген. Өуезхан Жүсіпов 1916 жылдың қаһарлы қысын Ақмола даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі ретінде патша түрмесінде өткізген. Бұл туралы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» («Өзіміздің елге оралу» бөлімі) кітабында айтылған. «Жазушы» баспасы, 1977 ж., 326-327 беттер. Аталған кітапта екеуінің кездесуі туралы толық жазылған.

Ахметжан қажының інісі Сейіл қажы 1948-1954 жылдары Карлагтің Бидайық бөлімшесінде жазықсыз отырып шықты.

Сонымен қатар, белгілі ғалым Қайым Мұхамедханов Абай шығармаларын зерттеп, Абайдың 30 шәкіртін нақтылап, «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертация қорғағаны үшін 25 жылға бас бостандығынан айырылған, алғашқы қазақ Әнұранының авторы. Семей және Алматы қалаларындағы НКВД түрмесінде отырып, кейін Карлагқа жөнелтілді. Қайым, Қарағанды, Теміртау, Долинка, Дәрия, Құла-айғыр, Қарабас, Шерубай, Просторное, Топар, Тартауыл және басқа да Қарағанды лагерьлерінде болып, азап жолынан өткен. Қайым, Дәрияның бір нүктесінде 1952-1954 жылы жазасын өтеген деген дерек бар.

ДӘРИЯ ТЕМІРЖОЛ БЕКЕТІ

Теміржол құрылысы қарқынды екіннен салынып жатты. Ауылда 1935 жылы әуелі электростанция мен су құбыры салынды. 1936 жылы Дәрия теміржол бекеті болып құрылды. Өлкедегі алғашқы «Паровозное депо» ашылды. Елде қажетті әлеуметтік нысандар бой көтерді. 1937 жылы орта мектеп-интернат, клуб, кітапхана, балабақша, наубайхана, монша, аурухана, су жүйесі, екі қабатты үйлер тұрғызылды. Ауылдың барлық өмір тынысы осы теміржолмен байланысты болды. Жан-жақтан келген тұрғындарға жұмыс орны болып табылды, ауыл үлкен елді мекенге айналды. Әкімшілік атқару жүйесі бойынша Жаңа-Арқа ауданы Ақадыр поселкелік әкімшілігіне қарады. Тек, осыдан 70 жыл бұрын 1956 жылдың 31 шілдесінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің шешімімен, Ж.Төшенов қол қойған қаулы бойынша сол кезде 5460 тұрғыны болған ауыл өз алдына жеке поселкелік «поссовет» болып құрылды. Дәрия поселкелік кеңесінің әкімшілік қарамағына теміржол бекеттері жанындағы Жарық, Қарамұрын, теміржол разъездері жанындағы Бұрма, №835 елді мекендері берілді. 1973 жылдың 20 наурызынан бастап Шет ауданының құрамында.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Дәрия ауылынан 68 азаматты сөл кездегі Отанды қорғауға қатысқан, Дәрия мектебінде завуч болған А.Баймұрзин – 28.07.1941 жылы алғашқылардың бірі болып аттанды. Ауылдың боздақтары Жүсіпов Әжбаба, Райымов Қаражан, Құрымбаев Оспанбай, Мақаев Төлеу, Мартынов Алексей, Мартынов Василий, Мартынов Иван, Ахметов Абдығалық, Кондаков Алексей, Тезекбайұлы Балтай, Тусенов Нұргелді, Тын-таев Байбек майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Бір-бір аяғын беріп «Данқ» орденінің» иегері Е.Жұмабаев, А.Әлкенов, К.Күзембаевтар елге мүгедек болып оралды. Соғыс жылдары еңбек майданында жүзден асатын ардагері «броньмен» күні-түні теміржолда қажырлы еңбек етті.

2022 жылы 9 мамырда Дәрия ауылында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш орнатылды, саябақ салынды, ас берілді.

ДӘРИЯ КЕҢШАРЫ

Сол кездегі Шет ауданының бірінші хатшысы болған Арқаның ардақты азаматы, батыр ағамыз Кәмәли Дүйсенбековтың ұсынысымен Дәрия кентінде 1975-1995 жылдар аралығында совхоз құрылды, бұл да ауылдың көркейіп дамыған кезеңі болды.

Ағамыздың осы мәселе жайында «Дәрияның совхоз болуы үшін экономикалық көрсеткіштерінің негізі жоқ еді, алайда, ойымда елге жаңа жұмыс орындар ашылады, жол, үй салынады деп, сол себептен дегенімнен айнымадым» деген еді. Сонымен, совхоз құрылып, ірі қара мал өсірілді, жанадан үйлер салынды, көпір тағы бірқатар әлеуметтік нысандар тұрғызылды, балабақша, қонақ үйі, жергілікті әкімшілік. Теміржолдан басқа жұмыс орындары ашылды, ауылдан жастардың кетуі азайды. Бірақ, заман талабына сай совхоздар таратылды, ауылдың ажары кете бастады.

МЕКТЕП ТАРИХЫНАН

2027 жылы Дәрия мектебіне 90 жыл толғалы отыр. Біздің мектеп 1937 жылы салынды. 1937-1962 жылдар аралығында №44, 1962-1978 жылдар аралығында №144 және 1978 жылы №126 орта мектеп болған. 1979 жылы №84 орта мектебі Алматы теміржол құрамында болды. 1982 жылдан бастап №128 орта мектебі, 1997 жылдан бастап Дәрия орта мектебі, 2015 жылдан бастап «Дәрия жалпы орта білім беру мектебі» КММ және 2021 жылдан бастап «Дәрия жалпы білім беретін мектебі» КММ болып атанды.

АУЫЛДЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ - ОНЫҢ АДАМДАРЫ

Теміржолшылар Ө.Ермеков, И.Бейсеков, С.Сауықанов, Ж.Сағындыков, Жылтыркөзов, – «Еңбек Қызылту», «Құрмет» орденімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Ауылдан шыққан ғалымдар – т.ғ.д М.Мұқышев, э.ғ.д Б.Ахметжанов, т.ғ.к Ш.Жүкішев, т.ғ.к Т.Интыков, «Парасат» ордені иегері, т.ғ.к С.Шерияздов, б.ғ.д Т.Бейсекова ауыл маңтанышы.

АУЫЛДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

«Ауылдың гүлденуі – елдің гүлденуі. Бүгінде заман ағымына сай туған ауылымыз да өзгеріп, жаңарып келеді. Халықты мазалап жүрген сұрақтары оң шешімін тауып келеді. Кейінгі жылдары балалар спорт алаңы (корт), балалар ойын алаңы, мәдениет үйінің салынуы, жаңа медпункт, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің саябағы, флагшток қойылуы, ауыл ішінде жолдардың асфальтталуы, ең бастысы үлкен трассаға шығатын 23 км жол асфальттауда т.б. игі істер атқарылды. Бұл жол жыл аяғына дейін жасалып, ауылдың әрі қарай дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Ауылдың тағы бір жақсы жаңалығы 2025-2026 жылдың күз-қыс маусымында барлық жерлестердің қаржы көмегі арқасында Дәрия футбол командасы Қарағанды облысы әуесқойлар футбол F лигасында жүлделі III орынды иеленді. Дегенмен ауылдың басты байлығы ол – еңбекқор, қонақжай әрі ақкөңіл жерлестері. Қай елде, қандай биікте жүрсе де, туған жердің дамуына үлес қосады деген ойдамыз.

Қорыта айтқанда, ауыл – ұлттық болмысымыз бен салт-дәстүріміздің алтын бесігі. Уақыт өтіп, өмір бізді қаншалықты алысқа жетелесе де, туған ауылдың түтіні мен жусан иісі әрқашан жүректің ең жылы түкпірінде сақталып қала бермек.

Ауылымыздың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын, қадірменді жерлестер! Алдағы уақытта ауылымыздың абыройы асқақтай берсін!

Бейбіт Алтынұлы БАЙМҰРЗИН,
зейнеткер, Дәрия кентінің тумасы,
С.МҰСТАФИН,
Дәрия кентінің әкімі,
Г.СЫДЫҚБЕКОВА,
Дәрия ЖББМ тарих пәнінің
мұғалімі.

Жол жазба

Жуырда Алматы қаласынан жерлесіміз Рымбала Смайылова апамыздың Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болғандығы туралы сүйінші хабар жетті. Біреу білсе, біреу білмес Рымбала Смайылова апамыз жазушы, майталман журналист, білікті аудармашы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, кезінде «Ақадыр таңы», «Ағадырская новь» басылымдарының редакторы қызметін атқарған марқұм Марал Хасен ағамыздың жұбайы. Көзі тірісінде академик Евней Бөкетовтың «Святое дело Чокана» эссесі мен грузиялық жазушы Реваз Махатадзенің «Под небом Казахстана» романын қазақ тіліне аударған. Сондай-ақ, әр жылдары француз жазушысы Альберт Камюдің «Молчание», жапондық Кэндзабуро Оэның «Послевоенное поколение», британиялық Сомерсет Моэмның «Луизу», америкалық Теодор Драйзердің «Во тьме», италиялық жазушы Джакомо Казанованың «Мемуары» атты шығармаларын тәржімалаған. «Жүрек қанын сия қылған», «Аудармалар», «Мазасыз күндер» кітаптарының авторы.

Рымбала Смайылова апамыз да қаламгер, аудармашы. Кезінде Қарағанды қаласындағы «Арко» баспаханасында редактор болып қызмет атқарған. Марал Хасен ағамыздың аяқтай алмай кеткен Манроның «Шат-шадыман көленкелердің биі» және Светлана Алексиевичтің «Мырышқа айналған қыршындары» атты туындыларын ақырына дейін аударып, кітап қылып бастырды.

Апамызды Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болуымен құттықтай отырып, төмендегі жол жазбасын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Редакциядан.

ӘУЕЗОВ ІЗІМЕН ҺӘМ ҚЫРҒЫЗ ЕЛІНДЕГІ БАСҚОСУ

Менің 2022 жылы шыққан «Бір кездері Америкада» атты аударма кітабымды көрген бір лауазымды оқырман: «Сіз Жазушылар одағының мүшесіз бе?» деген сауалына берген жауабыма көңілі толмай: «Сіз сондағылардың қайсысынан кемсіз...» деген сөзі маған қамшы болды. Теміртау қаласында тұратын ақын, жазушы Руза Алдашева мен астаналық журналист, қоғам қайраткері Қайырбек Сәдуақасов ұсыным жазып берген соң, құжаттарымды өткізе салған едім. Төрт жылдан бері тым-тырыс болғандықтан күдер үзіп қойған болатынмын. Маусым айының бас кезінде Қазақстан Жазушылар одағынан маған қоңырау түсті. Мен аудармашы ретінде Жазушылар одағына қабылданған екенмін, енді соның билетін алып кету керектігін айтты. Мен қуана-қуана пойызға билет алып, 10 маусым күні Алматыға жеттім.

Жазушылар одағының кеңсесінде 12 маусым күні салтанатты түрде Жазушылар одағының мүшелік билеті табысталғаннан кейін өзіме тілектес болып жүрегін Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы кітапхана қызметкерлеріне кіріп, құанышыммен бөлістім. Ол кітапхананың басшысы Балнұр Асқарқызы дүйсенбі күні Мұрат Әуезовті еске алу шарасы өтетінін айтып, соған қатысуға шақырды. Жаксыдан шарапат Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты М.О.Әуезов атындағы кітапханада 15 маусым күні көрнекті қоғам қайраткері, мәдениеттанушы ғалым, дипломат, публицист Мұрат Әуезовтің (01.01.1943-14.06.2024) қайтыс болғанына екі жыл толуына орай рухына арналған дөңгелек үстел өтті. Шараны Мұхтар Әуезовтің немерелері - Голландиядан арнайы келген арабист-түрколог, шығыстанушы ғалым Зифа-Алуа Мұратқызы Әуезова мен «М.О. Әуезов үй-мұражайы» ғылыми-мәдени орталығының директоры Диар Қонаев модератор болды. Шараның мақсаты - Мұрат Әуезовтің сан қырлы тұлғасын, оның ұлттық мәдениет, қоғамдық ой-сана, дипломатия және гуманитарлық ғылымдар саласындағы еңбектерін зерделеу, рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа насихаттау. Мұрат Мұхтарұлы Әуезов - тәуелсіз Қазақстанның рухани және қоғамдық өмірінде ерекше орны бар тұлға. Ол қазақ мәдениетінің әлемдік өркениет кеңістігіндегі орнын пайымдап, ұлттық құндылықтарды заманауи көзқараспен ұштастыруға зор үлес қосқан ғалым. Ғалымның еңбектері - мәдениеттану, шығыстану, әдебиеттану және қоғамдық ой тарихының маңызды бөлігі. Дөңгелек үстел барысында қоғам және ғылым қайраткерлері, жазушылар, мәдениеттанушылар, әріптестері мен шәкірттері Мұрат Әуезовтің өмір жолы, ғылыми ізденістері, азаматтық ұстанымы және ел руханиятына қосқан үлесі туралы ой бөлісті.

Алғашқы болып сөз алғандар Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Абзалиденович Алиев және «Алматы

қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ басқармасының басшысы Мейрам Еркенович Бектембаев дөңгелек үстелді ашып берді. Сондай-ақ, қатысушылар Мұрат Әуезовтің қоғамдық қызметі, ұлттық мәдениет пен руханиятты дамытудағы еңбегі жайында пікір алмасып, тұлғаның өнегелі өмір жолы мен бай мұрасы туралы естеліктерімен бөлісті. Естелік айтуды бірінші болып бастаған жазушы Елубай Смағұлов: «1975 жылы Қазақстан Жазушылар одағының пленумында Мұрат Әуезовтің: «...Айдыңкүннің аمانында халқымыздың үштен бірін қырып салған 1930 жылдардағы ашаршылық туралы шығарма жазылмаған әдебиеттің болашағы жок!» дегені бұл тақырып толғандырып жүрген Төлен Әбдік екеумізге қамшы болып тиіп еді» деп атап өтті және сонымен қоса Мұрат Мұхтарұлы туралы деректі фильм түсіру керек деген ұсыныс жасады. Одан кейін өз естеліктерімен қоғам қайраткері, «Жас Тұлпарлық» Марат Сембин, жазушы әрі публицист Нұрдіулет Ақыш, ақын, сценарист, кинорежиссер Бақытжан Қанапиянов, AlmaU университетінің негізін қалаушы әрі ректоры Асылбек Қожахметов, Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы бойынша зерттеулердің авторы Светлана Ананьева, «Ұстаз және шәкірт» деген ғылыми кітаптың авторы, қоғам қайраткері Дина Қайымқызы, ақын аудармашы Қайрат Жанабаев, дарынды ұйғыр жазушысы Иминов Исмаилжан және басқа да ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері өз естеліктерін ортаға салды. Мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары, философ Игорь Владимирович Крупко: «Мұрат Әуезовтің мәңгілік өмірі басталды, оның әрбір сөзі жүректе жатталып қалады, оның замандасты болу - бақыт, ол ұлы жазушы - оны оқындар!» деп аяқталды естелігін. Мұрат Әуездің дипломатиялық және шығармашылық қызметіне көп көмегін тигізген синолог Һәм тілмәш Мансұр Молдақұлов: «Мұрат Мұхтарұлы 1992 жылы оралмандардың тарихи Отанына жетуіне көп еңбек етті. Ол кісі сөйлегенде төбесінде антенна тұрғандай төгіп-төгіп, мүдірмей сөйлейтін. Ешқашан қағазға қарамайтыны адамдарды таңғалдыратын» деді. Зифа-Алуа Мұратқызы өз баяндамасында Мұрат Әуезовтің Қырғызстанның әсем табиғатына деген ерекше ықыласы мен сүйіспеншілігіне тоқталып, оның бұл өлкеге жасаған сапарлары туралы қызықты деректерімен бөлісті.

Дөңгелек үстел ашық пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар тұлғаның рухани мұрасын насихаттау мен кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын атап өтті. Дөңгелек үстелді «Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ ұйымы директорының кеңесшісі Бақытжамал Қайырбекқызы Оспанова түйіндеді. Ізгілікті шара Қырғызстан Республикасының Шолпан-Атадағы Мұхтар Әуезовтің үй-мұражайы

кітапханасында жалғасатын болды. Осы дүрмекпен мен де Қырғыз елін көріп қалу бақытына ие болдым. Менің руым қырғыз болғандықтан қанымда зәредей болса да қырғыздың жасушалары бар шығар деп есептеймін. Бұған Мұрат ағамыздың шарапаты - еске алу шарасы себепкер болып тұр ғой, топырағы торға болсын марқұмның. Қырғыз еліне жол түсті. Ұйымдастырушылардың жоспары бойынша 19 маусым күнгі таңғы 6.00-де Алматының Райымбек көшесі бойындағы Орталық зират алдында жиналдык та, ұлы Мұхтар мен ұлы Мұрат ата-ағаларымыздың басына барып, құран бағыштап, әзір тұрған жәйлі туристік автобуска отырып, ақ жолға аттандық. Жол бойығы көріністерді тамашалап отыруға болатын алдыңғы екі орынды ең үлкен жолаушы ретінде мен және Түркі әлемі Жазушылар одағының әрі «Janp» Жетісу әдеби клубының мүшесі, Бауыржан Момышұлы атындағы рухани-сауықтыру орталығының жетекшісі Айжан Шайқықызымен қатар отырып, жақсы шүйірлесіп кеттік. Сапарымыз Қордай асуын басып өтіп, шекарадағы тексеріс, жанар-жағармай құйып алу бекеттерінде бөгіліп, 10 сағат дегенде диттеген Чолпон-Атаның «Gold Assen» отеліне жеттік. Жол қысқарту мақсатында кезектесіп те, бірге де ән салып отырдық. Ортамызда жыр алыбы Жамбылдың шөбересі Бұлан деген өнерлі жігіт болғаны тіпті жақсы болды, Ерболат, Айсұлу, Айжандар да қамшы салдырмайтын жандар екен. Ертемен салтанатты шараға баратын болғандықтан тап-тұйнақтай бөлмелерімізге орналасып, демалдық. Биостің ашылу салтанаты Чолпон-Ата қаласындағы классик жазушы Мұхтар Әуезовтің музей-үйі аумағында көрнекті мәдениеттанушы, қоғам қайраткері Мұрат Әуезов биостің ашылу салтанаты Ыстықкөл халықаралық форумы аясында өтті.

Мұрат Мұхтарұлы ертеректе әкесімен бірге осы елде болып, Манас жырына бала кезінен құлағы қанық боп өскен. Оны екі елге төл перзент деуге болады. Салтанатты жиынды ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев жүргізді. Шарада Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Арслан Койчиев, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, академик Дархан Қыдырәлі, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының директоры Дүйсен Касейінов, шығыстанушы ғалым, Мұрат Әуезовтің қызы Зифа Алуа Әуезова, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов, Түркі Академиясының Президенті, академик Шаһин Мұстафаев, Татарстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ркаил Зайдуллин, Қырғызстан Республикасының Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Мирбек Мамбеталиев, ПМ мен қалалық әкімшілік қызметкерлері және басқа да Қазақстан мен Қырғызстанның қоғам қайраткерлері сөз сөйледі.



М.Әуезов бюст ісінің қасында
Түркі әлемі ақындарының
жылдегі Айжан Шайқықызымен

Қазақстанға Қытайдан сапарлап келген Нобель сыйлығының иегері, жазушы Мо Янь бұл жиынның құрметті қонағы болды. Салтанатты шараға қатысушылар Мұрат Әуезовтің түркі халықтарының мәдени байланысын нығайтуға қосқан үлесін атап өтіп, оның ғылыми және қоғамдық қызметіне жоғары баға берді. Өз кезегінде Бауыржан Омарұлы қазақ пен қырғыз халықтарының тарихи бауырластығына тоқталып, Мағжан Жұмабаевтың «Қырғыз - таудың тарпаны, қазақ - қырдың құланы» деген канатты сөзін тілге тиек етті. Ол қос халықтың достығы мен рухани ынтымақтастығы одан әрі нығая беруіне тілектестік білдірді. Биостің жамылғысы түсіріліп, шашу шашылды, естелік суретке түсу шаралары өтті. Мұрат Әуезов биостің ашылуы екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстың тереңдігін көрсететін маңызды оқиға ретінде бағалануда. Қарағанды қаласынан келген абайтанушы, алаштанушы, тыңғылықты зерттеуші Марат Азбанбаев кеншілер қаласы Қарағанды әкімінің хатын оқып, Мұрат Әуезовке арналып шығарылған сиясы кеппеген «Қасым» журналының №3 санын таныстырып өтті. Мұрат Әуезов биостің авторы - қырғызстандық белгілі мүсінші Тамила Маматова. Ол бұған дейін музей ауласына қойылған заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің биостің де жасаған болатын. Әкелі-балалы ұлылардың әруағы Тамилаға разы болсын, Алла қолына дерт бермесін! Салтанатты жиынның арты «Gold Assen» отелінің 10 қабатында орналасқан конференция залындағы дөңгелек үстелге ұласты. Дөңгелек үстелді модератор Зифа-Алуа Әуезова мен Диар Қонаев жүргізіп отырды. Зиялы қауым ұлы Мұрат Мұхтарұлының қырғыз халқына сіңірген еңбегі мен оның әлем өркениетіндегі орны туралы пікірлерімен бөлісті. Дөңгелек үстел аяқталысымен барлық қатысушыға Зифа-Алуа Әуезова әкесінің әруағына арнап құран оқытып, ас берді. Көшпенділер өркениетінің орталығы - «Тамшы» музейін тамашалау Келесі күні Мұрат аға нағашыларының еліне жолымыз түсті. Құрманжан датқа атындағы көшпенділер орталығын аралап көруіміз де аса бір игі шара болды.

Музейдің барлық жәдігерімен таныстырып жүрген гид ханым бағзы заманның бұйымдарынан бастап бергі кезге дейінгі колөнер заттарын тәптіштеп түсіндірумен болды. Музей экспонаттарға өте бай екен, қазақ-қырғыз бір туғандықтан олардың көбі аздаған айырмашылықтарына қарамастан өзіміздің ертеректегі дүние-мүліктерімізді есімізге түсірді. Әйелдердің әсем әшекейлері, құрақтан жасалған бұйымдар, бесік, ат әбзелдері мен ертұрмандары, тұрмыстық заттар - келі, леген, шөйнек т.б. ыдыс-аяқ,

тіпті өзіміздің асықтар да жатты. Ал, Тоғызқұмалақ астауы біз көрмеген пішінде болды. Абай ойнаған тоғызқұмалақты да қазіргі пластиктен жасалғандармен салыстыруға келмейді ғой, уақыт өте келе бәрі өзгередінін көрсетіп тұр. Мәңгілік тек Алла ғана! Шайырлардың еңбегімен танысу осы музейдің бірінші қабатында Мұрат Әуездің рухына бағышталған «Ыр толқыған Ыстықкөл» атты поэзия кеші басталып кетті.

Осыдан екі жыл бұрын бұл шайырлар түркітілдес ақындардың фестивалін өткізген екен. Соның нәтижесін Қалдыгүл Әкімжанқызы мен Манат Бообекова құрастырып, таяуда ғана Алматыда басып шығарылған жинақтың біршама данасын ала келіп, музейдің жиын бөлмесінде кітаптың таныстырылымы өткізілді, кітап негізінен қазақтың көрнекті ақындарының қырғызшаланған өлеңдерінен тұрады. Ыстықкөлдің айдынында «Әділет» теплоходының каютасында түскі асымызды ішіп алған соң, өлең оқу мен ән салу палубада жалғасты. Қатысушылардың құржаяуы жок, бірінен соң бірі іліп әкетіп, өнердің көрігін қыздырды. Әсіресе, Ерболат Баят пен Бұлан Жамбыл аянып қалған жок. Теплоходтан бізді түсіріп алған қырғыз ақындары арнайы қой сойып, бас тартып, ресми түрде қонақ етті. Сымбат Қайырбек ақынның жүргізген кешінде ақын Манат Бообекова мен ғалым Мырзахмет Жүзейдің туған күндері атап өтіліп, сый-сияпат жасалды. Осы жердегі Манат Бообекова туралы ақын Айжан Шайқықызы Жұмаділдің «Мұрат Әуезов «ЖАКСЫМ» деп еркелеткен қырғыз қызы» атты мақаласы фейсбукте жарық көрген болатын. Ол мақала да сәті түскенде жарияланар.

Қазіргі уақытта Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың үй-музей-кітапханасының шырақшысы Саламат Табишеваға тынымсыз еңбегінің бағалануын тілейміз. Алла деніне саулық берсін, ғұмыр-жасы ұзақ болсын! 10 жылдан бері Мұрат Мұхтарұлының қолдаушы-досы, көмекшісі, оң қолы болып жүрген публицист, кинопродюсер, «Көшпенділер эстетикасы» бастамашыл тобының мүшесі Қалдыгүл Әкімжанқызы Жаныбаеваның арқасында Қырғызстанға барып алғанымыз қолымды құсыра отырып мойындаймын, менің жасымнан асып кетсін деген батамды беремін! Қалдыгүл әдебиетке, мәдениетке, өркениетке көп пайда келтіретініне сенімдімін. Оны Мұрат ағасының ісін, ізін жалғастырушы, мұрагері деп бағалаймын.

Рымбала СМАЙЛОВА,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Мерей

ӨНЕРЛІ ЖАН АҚМАРАЛ

Өнер адамы үшін ең үлкен марапат - халықтың ықыласы десек, Ақмарал сол құрметке әбден лайық тұлға. Оның орындаушылық шеберлігі, әсіресе әсем әндерді насихаттаудағы еңбегі мен бүгінге дейінгі байқаулардағы жетістіктері - мұның бәрі қажырлы еңбектің және өнерге деген сыйластықтың нәтижесі десем артық айтқандық емес. Ақмаралдың балалық арманы алдамаған ару бүгінде білікті маманға айналған. Жас та болса өзінің еңбекқорлығымен, жұмысына деген адалдығымен алғы шептен көрініп жүрген ол осы уақытқа дейін өзі де, шәкірттерімен де бірнеше белесті бағындырып, марапат төрінен көрінген.

да 1985 жылы 18 қыркүйекте дүниеге келген. 2007 жылы Красная поляна ауылындағы Мүсінұлы Көкен ағай мен Бибисара анамыздың отбасындағы кенже баласы Серікпен көңіл жарастырып, ақ босаға аттаған болатын. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын өнерлі жан 2017 жылдан бастап Красная поляна ауылдық мәдениет үйінде көркемдік жетекші қызметіне қабылданып, осы жылдар аралығында көркемдік жетекші, әрі менгеруші қызметтерін абыроймен атқара білді.

- Жалпы өзім кішкене күнімен өнерге құмар болдым. Мектеп жасынан үйірмелерге қатысып, байқауларда бақ сынадым. Менің ішкі қалауыма ата-анам алғашында қарсы бол-



теттің музыка факультетін бітіріп, Шаған ауылындағы музыка мектебінде домбыра аспабынан сабақ берген болатын. Кейін де әке-шешенің тәрбиесін көрген мен де Тәттімбет атындағы өнер колледжін сәтті аяқтап, өнер саласы бойынша оқуымды аяқтадым. Жас маман болып клуб үйіне жұмысқа қабылдандым. Ұжымым ұйымшыл. Әрқашан қолдауға дайын. Әрбір қызметкерден әрқайсысымыздың үйренеріміз мол, - дейді білікті маман.

Тағы бір айтарлығы Серіктің әкесі де Көкен ағай да өнерден құр алақан емес, асабалық қызмет атқарып, өлең шығарып ауыл адамдарының ыстық илтипатына бөленген жан болатын. Ол кісі көп жылдар теміржол саласында еңбек ете жүріп, өнерді бірдей алып жүрген жан еді. Өнерлі отбасынан шыққан қыз жолдасының әкесі де өнерлі адам екенін білгенде жүрегін қуаныш кернеген.

Ақмаралдың әрбір сөзінен мамандығын қаншалықты сүйетінін айқын аңғаруға бола-

ды. Мамандығына деген махаббаты жарқыраған көзінен көрініп-ақ тұр. Сондықтан да болар, ұстаз ән, би өнері туралы тоқтаусыз айтуға бар. Ашық-жарқын қалпымен өзіне баулыған маман әріптестері арасында өнері жайында көптеген ойларымен бөлісіп отырады.

Мәдениет саласында 9 жыл абыройлы еңбек етіп, өнер мен мәдениеттің дамуына өз үлесін қосып жүрген білікті маман биылғы жылы Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай үлкен марапат иесі атанды. Оның бұл марапаты - елеулі еңбегінің жемісі деуге толық негіз бар.

Сонымен қатар Ақмарал өз отбасымен бірге өнерге жақын. Өйткені өнер балаларына ата-анасынан дарығаны көрініп тұр. Олар да өнерлі. Өркез отбасымен бірге облыстық, аудандық байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Осындай өнерді құрметтеп, бағалайтын отбасында өсіп келе жатқан бүлдіршіндер талпынысы көңіл қуантарлық. Ол сонымен қатар, мәдениет үйіндегі ән және би үйірмесіндегі шәкірттерін түрлі байқауларға қатыстырып, талай байқауларда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Мұндай жетістіктер Ақмаралдың еңбегінің зая кетпегенін көрсетеді.

Отбасында өсіп келе жатқан қыздары да өнерлі, бірі - биші, бірі - әнші десем артық айтқаным емес. Үлкен қызы Аерке Саран қаласындағы Абай атындағы гуманитарлық колледжінде студент, ағылшын пәні бойынша білім алуда. Биыл 4 курсқа көшкен. Ол да төрт жасынан аудандық, облыстық байқауларға қатысып, жүлдегер атанған. Әсіресе, екінші қызы Кеусар респуб-

ликалық «Ұлы дала дарыны» байқауында тамаша өнерімен озық көрініп, жүлделі I дәрежелі дипломмен марапатталып, отбасының мерейін үстем етті. Биыл ауылдағы Шөкәрім атындағы мектептің 9 сыныбын үздік аяқтап, Тәттімбет атындағы өнер колледжіне оқуға түсіп отыр. Бұл да үлкен жетістік. Ұлы Расул 7 сыныпта оқыса, Рамина 2 сыныпта білім алады. Ал, отбасының кішкентай кенжелері Рахман 3 жаста. Тәтті қылығымен ол да ата-анасын, әжесін қуантып қояды. Өнерлі отбасынан тәлім тәрбие алған қыздары мектепте үздік оқып, білім мен өнерді қатар алып жүріп, түрлі жетістіктерге жетуде. Тағы бір қуантарлық жағдай 2022 жылы облыс-тық байқауда осы отбасы мүшелері «Туған еліме мың алғыс» облыстық байқауында жүлдегер танылып, дипломант атанып, ақшалай сыйлыққа ие болған болатын.

Красная поляна ауылындағы мәдениет үйі де ұжымның Ақмарал секілді өнерлі жанмен толыққанына өте қуанышты. Осындай тәрбиесі жоғары, сапалы білімі бар маман әрқашан елдің мерейі. Болашақта осындай ел абыройын асқақтатып, жас ұрпақты әсем өнерге баулитын өнерлі жандардың қатары көп болса, ел келешегі кемелдене түспек.

Алдағы уақытта Ақмарал Маратқызына және отбасы мүшелеріне шығармашылық табыс, отбасына амандық, денсаулық және мол жетістік тілеймін.

Жазира АМАЛБАЕВА,
ауылдық Аналар
Кенесінің төрайымы, мәдениет үйінің менгерушісі.
Красная поляна ауылы.

Келешек мектептері

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР
МЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Жуырда Астана қаласындағы №100 жалпы орта білім беретін «Келешек мектебі» базасында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен «Келешек мектептері» директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған республикалық үш күндік оқыту семинары өтті.

Семинардың басты мақсаты - тәрбие жұмысының сапасын арттыру, заманауи тәсілдерді енгізу, өңірлер арасындағы тәжірибе алмасуды дамыту және мектептегі тәрбие жүйесін жетілдіру болды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Досбергенова қызы Сүлейменова қатысып, екі күн бойы еліміздің барлық өңірінен келген директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында білім беру мен тәрбие саласындағы өзекті мәселелер талқыланып, қатысушылардың ұсыныстары мен сұрақ-

тарына жан-жақты жауап берілді.

Қарағанды облысының атынан семинарға Шет ауданы білім бөлімінің «Жарық» тірек (ресурстық орталық) «Келешек мектебінің» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұмабекова Гүлдана Дулатқызы, Шет ауданының Ы.Алтынсарин атындағы тірек (ресурстық орталық) «Келешек мектебінің» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ерікова Мадина Ерікқызы, Балқаш қаласы білім бөлімінің №12 жалпы орта білім беретін «Келешек мектебінің» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақбаева Жұлдыз Тұрсынқызы, №19 жалпы білім беретін «Келешек мектебінің» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Акишева Арайлым Жарылқайқызы және

№24 жалпы орта білім беретін «Келешек мектебінің» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Володья Алтангүл қатысты.

Семинар аясында ұйымдастырылған «Workshop Keleshek» алаңында Қарағанды облысының педагогтері өздерінің озық іс-тәжірибелерін ұсынып, тәрбие жұмысындағы тиімді жобаларымен, инновациялық әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Бұл алаң қатысушылар арасында кәсіби байланыстарды нығайтып, тәжірибе алмасуға кең мүмкіндік берді.

Республикалық семинар бағдарламасы аясында қатысушылар Астана қаласындағы «Нұрорда» мектеп-лицейіне арнайы барып, білім беру ұйымындағы тәрбие жұмысының жүйесімен, басқару тәжірибесімен және тәрбие-лік жобалардың жүзеге асырылу ерекшеліктерімен танысты.

Сонымен қатар Қарағанды облысы білім басқармасының әдіскері Гүлбақыт Баймұратқызының ұйымдас-



тыруымен «Келешек мектептері» директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларынан шығармашылық топ құрылды. Аталған топ аясында мектептегі тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тиімді тәжірибелері, оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған жобалар, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, цифрлық мүмкіндіктерді пайдалану және заманауи тәрбие жұмысының өзекті бағыттары кеңінен талқыланды.

Республикалық семинар қатысушылардың кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, өңірлер арасындағы әріптестік байланысты нығайтуға, тәрбие саласындағы үздік тәжірибелерді кеңінен

таратуға ықпал етті. Семинар барысында көтерілген идеялар мен ұсыныстар алдағы уақытта мектептердегі тәрбие жұмысының мазмұнын жетілдіруге және білім алушылардың жан-жақты дамуына бағытталған жаңа жобалардың жүзеге асуына негіз болмақ. Тәжірибе алмасу-табысты тәрбие жұмысының маңызды тетігі болмақ.

Г.ЖҰМАБЕКОВА,
«Жарық» тірек РО
«Келешек мектебінің»
директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
С.Сейфуллин кенті.



beisenbi, 16 shilde 2026 jyl

Тіл - елімнің тірегі

ТІЛ ӨЛГЕН ЕЛ - ТІРІ ӨЛГЕН ЕЛ

Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында да басым бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін ны-

ғайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді.

Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді.

Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам - ана тілін құрметтеген адам. Бұл басқа тілді меңгеруіне бөгет болмайды, қайта адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу - саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол - туған жерінді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз.

Қазақ тілі өте бай, орамды, көркем тіл. Тіл арқылы өнер білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды сол тіл арқылы үйренеді. Халық өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді. Сондықтан ана тілін білмей, ұлттық мәдениетті жете меңгеру мүмкін емес.

«Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың

баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ.Мүсірепов айтқандай, елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қор-

ғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуанта-тын жағдай.

Т.ТӨЛЕУБЕК,
Шет ауданының №2
аудандық сотының бас
маманы-сот отырысы-
ның хатшысы.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ хабарлайды: Қарағанды облысында Шет ауданы Қошқарбай а., Б Байзаков к 38 (Мәдениет уй) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Сағат 11:00-де 00 мин. 2026 жылғы 26 тамызда Жобалық құжаттамаға: Нұра Талды кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есеп. Әсер ету радиусы- Шет ауданы аумағында (координаттары: ендік 49°5'K50H; бойлық 73°32'K11H). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде

қоғамдық тыңдаулар өткізілетін 3 күнге дейін жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Қарағанды қ, Лобода к, 20 үй, эл. пошта expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8 7212 56 81 66 <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/?lang=ru>. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

Сағат 11:00-де 00 мин. 2026 жылғы 26 тамызда
[h t t p s : / / us05web.zoom.us/j/83241886661?pwd=Qidd3BEL](https://us05web.zoom.us/j/83241886661?pwd=Qidd3BEL)

b 8 B 8 C P a M s B D bviD7OqWj0x.1

Конференцияның идентификаторы ID: 832 4188 6661. Қол жеткізу коды: 3z0bnu. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ. БСН 090240000101. Астана қ, Сығанак к. 17/10 құр. Ж.т. 8-(717) 2559 538, email: d.kaliyev@tks.kz. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Конаев пр 14/1-82. тел.8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттамамен <https://ndbecology.gov.kz> сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «НГК «Тау-Кен Самрук» сообщает, что по адресу: Карагандинская область Шетский район с.Кошкарбай, ул Б.Байзаков 38 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

В 11 час. 00 мин. 26 августа 2026 года Проектная документация: Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ месторождения Нура Талды. Радиус воздействия – на территории Шетского района (координаты: широта 49°5'K50H; долгота 73°32'K11H). Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управ-

ление природных ресурсов и регулирования недропользования Карагандинской области», по адресу: г. Караганда ул. Лободы, дом 20, эл. адрес expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8 7212 56 81 66 <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/?lang=ru>.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке:

В 11 час. 00 мин. 26 августа 2026 года
[h t t p s : / / us05web.zoom.us/j/83241886661?pwd=Qidd3BEL](https://us05web.zoom.us/j/83241886661?pwd=Qidd3BEL)

L b 8 B 8 C P a M s B D bviD7OqWj0x.1

Идентификатор конференции ID: 832 4188 6661

Код доступа: 3z0bnu

Инициатор намечаемой деятельности: АО НГК «Тау-Кен Самрук» БИН 090240000101. г.Астана, улица Сығанак, строение 17/10. Р.т. 8-(717)2 559 538 email: d.kaliyev@tks.kz

Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева 14/1-82. тел 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

С проектной документации можно ознакомиться на сайте [h t t p s : / / ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz) в разделе «Общественные слушания».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ хабарлайды: Қарағанды облысында Шет ауданы Қошқарбай а., Б Байзаков к 38 (Мәдениет уй) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Сағат 12:00-де 00 мин. 2026 жылғы 26 тамызда Жобалық құжаттамаға: Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2027-2036 жылдарға арналған Қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін көзделген табиғат қорғау іс-шараларының жоспары.

Әсер ету радиусы- Шет ауданы аумағында (координаттары: ендік 49°5'K50H; бойлық 73°32'K11H). Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай эко-

логиялық порталда, сондай-ақ «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және жер қойнауын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін 3 күнге дейін жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі, мекен-жайы: Қарағанды қ, Лобода к, 20 үй, эл. пошта expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8 7212 56 81 66 <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/?lang=ru>. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

Сағат 12:00-де 00 мин. 2026 жылғы 26 тамызда

[h t t p s : / / us05web.zoom.us/j/83241886661?pwd=TgbE8PwyDRuBuHrbq1bWhwejxgNji.1](https://us05web.zoom.us/j/83241886661?pwd=TgbE8PwyDRuBuHrbq1bWhwejxgNji.1)

Конференцияның идентификаторы ID: 844 7371 2638. Қол жеткізу коды: 4mNr7y. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Тау-Кен Самрук» ҰТК» АҚ. БСН 090240000101. Астана қ, Сығанак к, 17/10 қ. Ж.т. 8-(717) 2559 538, email: d.kaliyev@tks.kz. Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787. Астана қ., Конаев к 14/1-82. тел.8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. Жобалық құжаттама пакетімен [h t t p s : / / ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz) «Қоғамдық тыңдаулар» сайтында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «НГК «Тау-Кен Самрук» сообщает, что по адресу: Карагандинская область Шетский район с.Кошкарбай, ул Б.Байзаков 38 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

В 12 час. 00 мин. 26 августа 2026 года. Проектная документация: Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий, предусмотренных для получения Экологического разрешения на воздействие на период 2027-2036 годы. Радиус воздействия – на территории Шетского района (координаты: широта 49°5'K50H; долгота 73°32'K11H). Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней

до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования недропользования Карагандинской области», по адресу: г. Караганда ул. Лободы, дом 20, эл. адрес expertiza.upr_krg@mail.ru, тел. 8 7212 56 81 66 <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/?lang=ru>. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке:

В 12 час. 00 мин. 26 августа 2026 года
[h t t p s : / / us05web.zoom.us/j/84473712638?pwd=TgbE8P](https://us05web.zoom.us/j/84473712638?pwd=TgbE8P)

[w d y D R u BuHrbq1bWhwejxgNji.1](https://us05web.zoom.us/j/84473712638?pwd=TgbE8P)

Идентификатор конференции ID: 844 7371 2638. Код доступа: 4mNr7y. Инициатор намечаемой деятельности: АО НГК «Тау-Кен Самрук» БИН 090240000101. г. Астана, ул Сығанак, стр 17/10. Р.т. 8-(717)2 559 538 email: d.kaliyev@tks.kz. Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787. г. Астана, пр. Кунаева 14/1-82. тел 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz> в разделе «Общественные слушания».



Имандылық

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ: ИСЛАМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Отбасы - адамзат тарихындағы ең көне әрі тұрақты әлеуметтік институттардың бірі. Оның негізінде махаббат, сыйластық, жауапкершілік және ұрпақ жалғастығы жатыр. Ислам діні отбасыны қоғамның іргетасы ретінде қарастырып, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген құрметін, ата-анаға қызмет пен құрмет көрсетуді, балаларды дұрыс тәрбиелеуді негізгі міндеттердің бірі етіп белгілейді. Қазақ халқының ұлттық дәстүрінде де отбасы - елдің тұтастығын, береке-бірлігін сақтайтын басты құндылық ретінде бағаланып, ұрпақ тәрбиесі мен әдеп-ғұрыптың ортасы саналған. Осы тұрғыда ислам қағидаттары мен ұлттық дәстүрдің үйлесімді сабақтастығы айқын көрінеді.

Құрандағы отбасыға қатысты тағылымдар

Құран Кәрімде ерлі-зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік пен мейірімділік ерекше орын алады. Алла Тағала: «Оның белгілерінің бірі - сендерге өздеріңнен жұбай жаратқаны. Олар арқылы тыныштық табасындар. Сондай-ақ, араларына сүйіспеншілік пен мейірім салды».

Бұл аят отбасының тек материалдық қажеттілікті өтеуші ғана емес,

рухани үйлесім мен тыныштықтың мекені екенін көрсетеді. Қазақ халқының «Отан - отбасынан басталады» деген нақылы осы аяттағы идеяға сәйкес келіп, шаңырақтың тыныштығын қоғамның тұрақтылығымен байланыстырған.

Хадистердегі өнеге Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) отбасылық қатынастарда мейірім мен әділеттілікті басты қағидат етіп көрсеткен. Оның «Сендердің ең жақсыларың - отбасына ең жақсы болғандарың» (Тирмизи) деген хадисі ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасындағы ізгілік пен жауапкершілікті айқындайды.

Сонымен қатар: «Жәннат аналардың табанының астында» (Нәсәи) деген хадисінде ананың мәртебесі ерекше аталған. Қазақ халқы да ананы қастерлеп, «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деп, анаға құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған. Дәстүр мен діннің үндестігі ата-анаға құрмет ретінде құранда: «Раббың тек Өзіне ғана құлшылық етуді және ата-анаға жақсылық жасауды бұйырды». Бұл қағида қазақ дәстүрінде «Атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» деген нақыл арқылы берілген.

Ұрпақ тәрбиесінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Өкенің балаға берер ең жақсы сыйы - жақсы тәрбие» деген. Қазақ халқы осы түсінікті «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бейнелі түрде жеткізген.

Отбасы бірлігі исламда ерлі-зайыптылардың өзара сыйластықта өмір сүруі өмір етілсе, қазақ дәстүрінде «Ерді - ер еткен әйел, елді - ел еткен ер» деген мақал отбасындағы үйлесімнің қоғамға тигізер әсерін көрсетеді.

Бұдан шығатын қорытынды исламдағы отбасы құндылықтары мен қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы өзара үйлесіп, бірін-бірі толықтырады. Құран мен хадистерде айтылған өнегелі қағидаттар қазақы әдет-ғұрыптармен сабақтасып, берекелі шаңырақ құруға және тату қоғам қалыптастыруға негіз болады.

Алла Тағала әрбір шаңырақты иманмен нұрландырып, бірлік пен берекеден айырмасын.

Берік
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
аудандық «Жанқұтты
би» мешітінің
имамы.

Қоғамдық тыңдаулар

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ОралЭлектроСервис» ЖШС «Қарағанды облысындағы Ұзынжал полиметалл кен орнындағы пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары және оларды жоюдың болжамды құнын есептеу» құжаты бойынша қоғамдық талқылаулар нысанындағы қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар **2026 жылғы 24 шілдеден бастап 10 жұмыс күні** ішінде өткізіледі.

Тапсырыс беруші: «Орал ЭлектроСервис» ЖШС, БСН 060640003849, Қарағанды қ., Республика даңғылы, 40, тел.: +7 (7212) 48-28-36, e-mail: erlan.torybayev@gmail.com.

Әзірлеуші: «ҚазТехПроект инжиниринг» ЖШС, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ғұмар Қараш көшесі, 36-үй, тел.: +7 701 888 33 35, e-mail: kaztehproekt@inbox.ru.

Материалдар НБД СОС және ПР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) орналастырылады және орналастырыл-

ған күннен бастап танысуға, сондай-ақ, ескертулер мен ұсыныстар енгізуге **10 жұмыс күні** бойы қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, мекен-жайы: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, тел.: +7 (7212) 56-41-27, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

060640003849, г.Караганда, пр.Республики 40, тел.: +7 (7 2 1 2) 4 8 - 2 8 - 3 6 , erlan.torybayev@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Каз-ТехПроект инжиниринг», адрес: город Астана, район Байконыр, ул.Ғұмар Қараш, дом 36, тел.: +7 701 888 33 35, e - m a i l : kaztehproekt@inbox.ru.

Материалы размещены на сайте НБД СОС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz>) и будут доступны с даты их

размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 10 рабочих дней.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», контактный тел.:8(7212)56-41-27,

эл.адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, асыл жар, асқар тау әке, немерелерінің сүйікті атасы, қимас бауырымыз **ЖҮНІСҰЛЫ Райымбектің** фәни дүниеден бақиға озғанына бір жылдың жүзі болыпты.

Ия, «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» демекші, әкеміздің өмірден өткені жанымызға қаяу салып кетті. Әулеттің арқа сүйер тірегі, туысқа адал, елге сыйлы, құрметті азамат болды.

Жанұяның алтын діңгегі болған әкеміз ақ халатты абзал жан атанып, тектілігімен еліне адал қызмет етіп, халықтың алғысына бөленді.

Әке - біз үшін асқар тауымыз, оның рухы әрқашан бізбен бірге. Жаны жайсан, қолы жомарт, көкірегі кең, парқы мен пайымы мол Райымбек әкеміздің соңында мәңгілік өшпес ізі қалды.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Әке, өзінді сағынып, еске алғанда!

Ардақты әкемізді сағына еске алушылар: жұбайы - **Еркін, балалары, немерелері және бауырлары.**

Әкеміздің өмірден өткеніне жыл толуына орай 25 шілде күні сағат 12.00-де Қарағанды қаласы, Нұржанов көшесі, 54а «Баракат» мейрамханасында дұға дастарханы жайылып, құран бағышталып, ас беріледі.

Асқа ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жарандар, көрші-қолаң, әріптестері және әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

20 қазан 2025 жылы қайтыс болған Мияшева Рысжанның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1 қыркүйек 2024 жылы қайтыс болған Сарсенбайұлы Аманбектің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17. үй тел. 8 701 751 16 86.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Алпысбаева Серика, умершего 16 марта 2026 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Молдажарова Мухтара Кожаметулы, умершего 15 февраля 2026 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Молдажаровой Улболсын Лауяновны, умершей 16 октября 2019 года. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Султановой К.Т, по адресу Карагандинская область, Шетский район, п.Агадырь, пр.Абай дом 31, телефон 8 710 33 62 426, 8 705 759 29 75.

Астана - арман қала

ШАТТЫҚТАН ШАШУ ШАШҚАН - ЕЛОРДА!

Астана күніне орай Сәкен Сейфуллин атындағы кенттік мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Шаттықтан шашу шашқан - Елорда!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып, кент тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй мен ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік іс-шараның мақсаты - еліміздің бас қаласы Астананың тарихи маңызын дәріптеу, отансүйгіштік қасиеттерді насихаттау, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді ұлықтау болды.

Концерттік бағдарламаға арнайы шақырылған өнерпаздар - Ақадыр кентінің өншісі Данабекова Айнұр мен Ақой ауылының өнерпазы Айтбаева Ақнұр қатысып, өздерінің әсерлі әндерін тарту етті.



жас домбырашы Жәкенов Нұрмұхаммед қазақтың төл өнерін дәріптеген күйлерді жоғары шеберлікпен орындап, көпшіліктің зор қосметіне ие болды. Оның орын-

ше мерекелік көңіл күй сыйлады. Әрбір концерттік нөмір елге деген сүйіспеншілік пен туған жерге деген құрметті айшықтай түсті.

Мерекелік кешке кент тұрғындары мен қонақтары көптеп қатысып, өнер иелеріне ыстық ықыластарын білдірді. Концерт барысында ел бірлігі, тәуелсіздіктің қадір-қасиеті және Астананың еліміздің дамуындағы айрықша орны кеңінен насихатталды.

Елорда күніне арналған «Шаттықтан шашу шашқан - Елорда!» атты мерекелік концерт ұлттық өнерді ұлықтап, көпшілікке рухани серпіліс сыйлаған тағылымды мәдени шаралардың бірі болды.

Риза ЗӘМІРБЕКҚЫЗЫ,
кенттік мәдениет
үйінің меңгерушісі.
С.Сейфуллин кенті.



Олардың орындауындағы әсем туындылар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, мерекелік кештің көркін аша түсті.

Сондай-ақ, кентіміздің мақтанышы, Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенті,

дауындағы күмбірлеген күй ұлттық өнердің өміршендігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мәдениет үйінің өнерпаздары да Отан, туған жер, Астана тақырыбындағы патриоттық әндер мен ұлттық билерді көпшілік назарына ұсынып, көрермендерге ерек-

ЕЛ ЖҮРЕГІ - АСТАНА

Астана - Тәуелсіз Қазақстанның бойтұмары, қазақ деген ұлттың сәулетті көрінісі, болашаққа деген еліміздің жаңа бастамасы, бетбұрыстың көрінісі. Аз ғана уақыттың ішінде сайын далада ертегідегідей пайда болып, кербездігімен әлемді тамсантаң ғажайып шаһар. Елордамыз жыл санап көркейіп, гүлденіп, ажарланып келеді. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, елу жыл тарихы болмаса да өзіміз ғана емес шетелден келген өзге жұртта қызыға да, қызғана қарайтын жас қала.

Жуырда Астана күніне орай аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Жайнай берші - Бас қала» атты виртуалды саяхат өткізілді. Шара барысында оқырмандарға қазақ жерінің жерұйығына айналған Елордамыздың тарихы, ондағы бой көтерген ерекше орын дармен таныстырылып біраз



мағлұматтар берілді. Сонымен қатар әр күні жылға татитын, әр жылы ғасырға тең қарқынмен даму жолындағы Елордамызға арналған «Ел жүрегі - Астана» атты кітап көрмесі оқырмандар назарына ұсынылды.

Арайлым ҚОЙШЫБАЕВА,
аудандық балалар
кітапханасының
кітапханашысы.

Спорт

ТӨЗІМДІЛІК СЫНАЛҒАН КҮН

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту және табиғат аясындағы белсенді демалысты насихаттау - бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы бағыттағы игі бастамалардың жалғасы ретінде 2026 жылдың 11 шілдесінде Ақадыр кентінде Шет ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі, Ақадыр кенті әкімдігі және кентіміздің спорт жанашырларының ұйымдастыруымен дәстүрлі II «Aqadyr Trail Run» жазғы

ты сәтті аяқтағанын білдіретін finisher медальдары табысталды. Ал өз жас ерекшеліктері бойынша үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен, ақшалай сертификаттармен және арнайы дипломдармен марапатталды. Бұл марапаттар спортшылардың еңбегі мен қажырлы дайындығына берілген лайықты баға болды.

Осындай ауқымды спорттық шараның өтуіне қолдау көрсеткен мекемелер мен демеуші-



жүгіру жарысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті.

Елді мекеннің көшелерінде өткен дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен келген әуесқой спортшылар қатысып, өзара бақ сынады. Атап айтқанда, Астана және Алматы қалаларынан, Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Түркістан, Ұлытау және Қарағанды облыстарының қала-аудандарынан 70-тен астам жүйрік жиналып, жарыстың көркін қыздырды. Осы жарыс - Ақадырдағы спорттық шараның жылдан-жылға беделі артып, республикалық деңгейдегі бұқаралық спорт мерекесіне айналып келе жатқанын аңғартады.

Жарысқа қатысушылар 10 және 20 шақырымдық қашықтықтарда өз бақтарын сынады.

лердің, еріктілердің және жарыстың ұйымдастырушыларының еңбегі ерекше. Олардың бірлескен жұмысының арқасында жарыс қатысушылардың ғана емес, көрермендердің де көңілінен шығып, нағыз спорт мерекесіне айналды.

«Aqadyr Trail Run» - тек жүгіру жарысы ғана емес, ол - салауатты өмір салтын дәріптейтін, адамдарды спортқа баулитын, өңірлер арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтатын манызды жоба. Мұндай игі бастамалар жас ұрпақты спортқа баулып, бұқаралық спорттың дамуына серпін беретіні сөзсіз.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан барлық ұйымдастырушыларға, демеушілерге, медицина қызметкер-



Әрбір қатысушы төзімділік пен жігердің, қайсарлық пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Табиғаттың әсем көрінісімен астасқан жарыс жолы спортшыларға ерекше әсер сыйлап, көпшіліктің көңілінен шықты.

Жарыс жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтіп, қауіпсіздік талаптары толық сақталды. Ұйымдастырушылар қатысушылардың жайлылығы мен жарыстың әділ өтуіне барынша жағдай жасап, әрбір кезеңнің талапқа сай өткізілуіне ерекше көңіл бөлді.

Мәре сызығын кесіп өткен барлық қатысушыларға жарыс-

леріне, еріктілерге және жанкүйер қауымға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Дәстүрлі «Aqadyr Trail Run» алдағы жылдары да өз жалғасын тауып, қатысушылар қатары көбейіп, Ақадырдың мерейін үстем ете берсін деген ақ тілегімізді білдіреміз. Спорт салтанат құрған жерде - денсаулық, достық және жеңіс әрдайым бірге болмақ.

Қалижан БЕКҚОЖА,
Ақадыр кенті.